

Жангелдин ауданы аумағында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Жангелдин ауданы мәслихатының 2015 жылғы 26 ақпандағы № 208 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 19 наурызда № 5444 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Жангелдин ауданы мәслихатының 2016 жылғы 14 сәуірдегі № 21 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Жангелдин ауданы мәслихатының 14.04.2016 № 21 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 наурыздағы "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар үйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы" Заңының 10-бабына сәйкес, Жангелдин аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу мақсаттында Жангелдин ауданы аумағында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу орындары қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Мәслихаттың 2009 жылғы 8 сәуірдегі №103 "Жиналыстарды, митингілерді, шерулерді, пикеттерді және демонстрацияларды өткізу дің тәртібін қосымша реттеу туралы" шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №9-9-104 тіркелген, 2009 жылғы 22 мамырда "Біздің Торғай" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жангелдин аудандық

мәслихатының кезектен

тыс сессиясының төрағасы

Жангелдин ауданының

мәслихатының хатшысы

T. Мырзагалиев

C. Нургазин

КЕЛІСІЛДІ

Жангелдин ауданы әкімінің
міндетін атқарушы

Ш. Оспанов

2015 жылғы "26" ақпан

**Жангелдин ауданы аумағында бейбіт
жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер
және демонстрациялар өткізу орындары**

№	Елді мекендердің атауы	Бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу орындарының атауы
1	Торғай ауылы	Торғай ауылдындағы Шақшақ Жәнібек алаңы
2	Ақшығанақ ауылдық округі	Ақшығанақ ауылы Тәуелсіздік көшесіндегі орталық алаң
3	Албарбөгет ауылдық округі	Кекалат ауылы Айса Нұрманов көшесіндегі орталық алаң
4	Амангелді ауылдық округі	Шеген ауылы Хамза Нарымбаев көшесіндегі орталық алаң
5	Жарқөл ауылдық округі	Тәуіш ауылы Таңатқан Дүйсекеев көшесіндегі орталық алаң
6	Қалам–Қарасу ауылдық округі	Қаламқарасу ауылы Эміргали Душатов көшесіндегі орталық алаң
7	Қызбел ауылдық округі	Саға ауылы Күдері ақын көшесіндегі орталық алаң
8	Аралбай ауылы	Аралбай ауылы Тәуелсіздік көшесіндегі орталық алаң
9	Ақкөл ауылы	Ақкөл ауылы Кенжегали Сагадиев көшесіндегі орталық алаң
10	Қарасу ауылы	Қарасу ауылы Тәуелсіздік көшесіндегі орталық алаң
11	Сужарған ауылы	Сужарған ауылы Астана көшесіндегі орталық алаң
12	Милісай ауылы	Милісай ауылы Жастар көшесіндегі орталық алаң
13	Шилі ауылы	Шилі ауылы Фатхолла Кірмандаев көшесіндегі орталық алаң